



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 34 - НК

2024 жылғы 02 қыркүйек
Астана қаласы

02 сентября 2024 года
город Астана

Мектеп формасына қойылатын талаптар туралы

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 ақпанда № 13085 болып тіркелді. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

«Астана қаласы әкімдігінің «№98 мектеп-лицей» КММ бойынша міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар төменде көрсетілген тәртіпте бекітілсін:

1. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар мектептің фойесінде, ата-аналар және өзге заңды өкілдеріне білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын таныстыру мақсатында мектептің Интернет-ресурстарында жариялансын.

2. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізілсін.

3. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінсін.

4. Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрсын.

5. Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрсын.

6. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралсын.

7. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрсын.

8. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе кереғар келетін галстук тігілсін.

9. Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосылмасын.

10. Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын білім беру ұйымы қоғамдық кеңес айықындасын, жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітілсін.

11. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім қамқоршылық қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитетімен келісу арқылы қабылданын

12. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасының сақталуына жауапты.

13. Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптары орындалсын.

14. Астана қаласы әкімдігінің «№98 мектеп-лицей» КММ қоғамдық кеңес (мектеп кеңесі, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті) міндетті мектеп формасын енгізу кезінде осы Талаптарды басшылыққа алсын.

15. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.А.Калиева., К.Е.Адиловаға жүктелсін.

Директор



Г.Оспанова

Бұйрықпен таныстым және келісемін:
Г.А.Калиева-
К.Е.Адилова-